

**Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «Б» сыныбы оқушыларымен
2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмыстарына
талдау**

3 «Б» сыныбында 22 оқушы тәрбие мен білім алууда. Осы оқушылардың ақыл-ойына, дене бітіміне, эстетикалық талғамына, айналадағы өмірге көзқарасына зерттеу жүргізіліп, тәрбиелік шаралар жұмысы айқындалды. Кешенді тәрбие беру бағдарламасының бағыттары бойынша жұмыс жоспарланды. Оқушы бойында отансүйгіштік, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, елін, жерін сүю, Отанына адал болу, барды бағалай алуға үйрету мақсатында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты алғашқы оқу жылының алғашқы тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие бағыттарына сәйкес «Ана тілі- ұлт болашағы», «Еңбектің наны тәтті», «Адамгершілік - асыл қасиет», Күз-береке, күз-мереке», «Ұстаз өнегесі кейінгі тәрбие», «Бүгінгі Қазақстан-сенің жетістігің», «»Құстар біздің досымыз», «Имандылық пен адамгершілік, «Жақсылықтан жақсылыққа», «Бос уақыт босқа кетпесін» тақырыбында тәрбие сағаттары, М. Әуезовтың 125 жылдығына орай Р. Бағланованың 100 жылдығына, Д. Қонаевтың 110 жылдығына танымдық сабақтар өткізілді. Республика күніне орай тәрбие сағатында оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып, «Менің арманым» тақырыбында эссе жазып, ой бөлісті. Аталған тақырыптардағы тәрбие жұмыстары оқушы бойында өздеріне сенімділік қасиеттері мен ойларын дәлелдей алу, өз бетінше ізденуге ұмтылу, бағыт-бағдарларын анықтау тәрізді түйсіктерін оята алды.

«Бала тәрбиесі - ортақ іс», «Ата-ана мақтанышы-бала» тақырыбында ата аналармен жиналыс өтті. Мақсаты: ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. Жиналыс психологиялық тестпен басталды. Топқа бөлініп, қазіргі бала, ата-ана, ұстаз қандай болу керектігі туралы ойларын білдірді. Бала тәрбиесі туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Кенгуру математика барлығы үшін» конкурсында Табынбай Нұрымжан III орынмен марапатталса, республикалық «Бояулар құпиясы» шығармашылық байқауында Мырзағұл Ф, Арыстан Н I орынмен, «Мұқағали оқулары», «Мағжан әлемі» атты мәнерлеп оқу сайысында тоғыз оқушы жүлделі бірінші, екінші орындарға ие болды. «Абайтану» олимпиадасы мен сурет байқауында, «Бастауыш олимпиадасы» республикалық пәндік олимпиадасында, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында оқушылар жоғары жетістіктерге жетті. Спортта да жетістікке жетіп жүр. Мысалы: Марат Алдияр суда жүзуден бірнеше дүркін облыс чемпионы атанды. Сынып оқушылары белсенді, жан-жақты.

Оқу жылына жоспарланған тәрбие іс-шаралары толық орындалды.

Сынып жетекшісі:



Сәуірбай А. Б.